**«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ-нің 2024-20025 оқу жылында дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстар**

2024-2025 оқу жылында Оқу ағарту минстрінің №514 бұйрығы негізінде жоспар құрылды. Жоспар бойынша қыркүйек айында дарынды оқушыларды анықтау мақсатында мектеп психологі Л.А.Саукебаева барлық класс оқушыларынан сауалнама жүргізді. Сауалнама А.И.Савенков «Дарындылық картасы» әдістемесі арқылы алынды. Нәтижесі күтілуде.

Мұғалжар аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында Республикалық күнін мерекелеуге арналған «Ақындар айтысы» республика күніне орай жоспар құрылып,жоспра бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды. Мектебіміздің «Элита» дебат клубы мүшелерімен «Айтыстың бүгінгі мен келешегі менің көзіммен», «Айтыс жастар көзқарасында» тақырыптарында дебат ұйымдастырылды.Мақсаты: айтыстың шығу тарихы, түрлерін ерекшелігін, айтыс өнерінің маңыздылығын ұғындыру.Пікірталас тудырудағы айтыстың рөлін таныту.Оқушының шығармашылық дамуына әрекет ету,ойларын еркін жеткізуге дағдыландыру. Оқушыларға үзіліс кезінде оқушыларға «Көңілді ойындар» ұйымдастырылады. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері әр қоңырау сайын ұлттық ойындар ойнатылады.Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ж.Е.Калиевтің ұйымдастырумен «Қол өнер-төл өнер» тақырыбында ұлттық киімдерді насихаттау мақсатында оқушыларға қазақтың ұлттық киімдері қалай тігіледі және әр өрнектің шығу таризы таныстырылды.

https://www.instagram.com/p/DAYtzBjg28u/?igsh=OWkydGtqanBiZjdj
https://www.instagram.com/reel/DAIIHo8AHqW/?igsh=cWJ4bjE2ODQ0MHEy
https://www.instagram.com/reel/DAGOAmTA6An/?igsh=MTRjOGNnbWs4anhpdA==
https://www.instagram.com/reel/C0mYdhtInRq/?igsh=aWhqanMxaHBoYTV5

5-6 класс оқушылары арасында математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының мектепішілік кезеңі ұйымдастырылды.Мектепішілік пәндік олимпиадағажалпы 5 класс бойынша 10 оқушы,6 класс бойынша 9 оқушы қатыстырылды. Қатысқан оқушылардың тапсырмалары тексеріліп, ең үздік нәтиже көрсеткен оқушылар аудандық кезеңге жолдама алды.

Оқушыларды кіші буыннан бастап ғылыма баулу және жас зерттеушілерді қолдау мақсатында жалпы білім беретін мектептердің 2-7 класс оқушылары арасында Республикалық «Зерде» атты шығармашылық жобалар мен зерттеу конкурсының аудандық кезеңіне 3 оқушыға сұраныс беріліп, аудандық кезеңге қатыстырылады деп жоспарлануда.

Жалпы білім беретін мектептердің 9-10 класс оқушыларына арналған жас тарихшылардың **«Менің шағын Отаным»** атты YII республикалық интеллектуалдық конкурсының аудандық кезеңіне 4 оқушыға сұраныс берілді.